

Сабақтың тақырыбы: «Мамандық түрлері»

Ісім оңсын десеңіз,
Сол істің маманы болыңыз
Даңқым шықсын десеңіз,
Көпшіліктің адамы болыңыз

Әл-Фараби

Мамандық таңдау жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұрады. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез-келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың жолы ғана емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе.

Кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен өзі қызықпайтын мамандықты таңдайды. Осыдан өз мамандығына қанағаттанбаушылық, реніш сезімдері болып, тіпті алдарына жоспар да құрғысы келмейді. Әрбір адам өзін-өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керек.

Біздің мақсатымыз-оқушылардың кәсіптік қалыптасуымен байланысты өмір туралы, әлеуметтік құндылықтар туралы танымдылығына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

Мақсаты: 1. Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру. Оқушының кәсіби бағдарының табандылығын анықтау, психологиялық дайындығы мен қиындықтан шығу шеберлігін шыңдау.

«Кім көбірек мамандықты атайды?» жаттығуы

Барлық қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Олар бір-біріне доп лақтыру арқылы мамандық түрлерін айтады. Кім де кім көп мамандық атаса сол жеңіске жетеді.

Ескерту: Бір ойыншыға қатарынан доп лақтыруға болмайды. Және қолда допты үш секундтан артық ұстамау керек.

Сұрақ: «Қиналған себептеріңіз не?»

Жүргізуші: Ғалымдардың зерттеулері бойынша мамандықтар ортақ белгілеріне қарай 4 деңгейге тоқталған.


1. Басқарушылар;
2. Сақтаушы-қорғаушылар;
3. Қаржыгерлер-дәрігерлер;
4. Қажырлы еңбек иелері.

Қорытынды:

/Жүргізуші:


Басым көкке жетсін десең армандап,
Әр жұмысты бөліп істе, қарма оңдап
Барлық істі сарапқа сап істегін,
Қисапнен қазынаңды үстегін
Кісі танымақ болсаң ісіне қара
Өз күшің жеткенше, өзің үшін аянба.

Ж. Баласағұни










МАМАНДЫҚТАР



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАУЛЫҚ БАЛЛАР АРНАСЫ



АСПАЗШЫ

ҚҰРЫЛЫСШЫ

